



## ЕЛ МҮДДЕСІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҚАСТЕРЛІ ПАРЫЗ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Халық Кеңесінің бірінші сессиясына қатысты.

Мемлекет басшысы Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы лауазымына Ерлан Қожановтың кандидатурасын ұсынды.

— Бұл — конституциялық мәртебесі бар, беделді лауазым. Сондықтан бұл лауазымға елге белгілі, халық пен биліктің арасында дәнекер болатын азамат келуге тиіс деп санаймын. Осының бәрін ескере отырып, мен Ерлан Жаканұлы Қожановтың кандидатурасын ұсынамын. Бұл азаматты бәріміз жақсы білесіздер, жауапкершілігі жоғары, білікті, тәжірибесі мол тұлға. Ол мемлекеттік қызмет жүйесінде ұзақ жыл еңбек етті, бұл жұмысты абыроймен атқарды. Мәжіліс Төрағасы ретінде ауқымды реформаларды іске асыруға белсене атсалысты. Енді Халық Кеңесі Төрағасы ретінде табысты жұмыс істеп, қоғамдық келісімді нығайтуға мол үлес қосатынына күмәнім жоқ. Сондықтан Ерлан Жаканұлы Қожановтың кандидатурасына мұқият назар аударып, қолдайсыздар деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент консул-тативтік мекемеге кәсіби білігі жоғары мамандар, абырой-беделі зор, нағыз

отаншыл азаматтар мүше болғанын айтты.

— Олардың қатарында жұртшылыққа белгілі тәжірибелі тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер мен көптеген белсенді азаматтар бар. Құрылтайдың алғашқы отырысында айтып өткенімдей, ауқымды реформалардың арқасында мемлекеттік басқару ісіне жана, жасампаз, озық ойлы азаматтардың келуіне жол ашылды. Ел мүддесі үшін адал қызмет ету — зор мәртебе әрі қастерлі парыз. Осы орайда, Сіздерге — Халық Кеңесінің әрбір мүшесіне ерекше жауапкершілік жүктеліп отыр. Сіздер ел игілігі үшін табанды еңбек етіп, мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосасыздар деп сенемін. Ырысты ынтымағымызды, қоғамдық келісімді күшейту үшін белсенді түрде еңбек етесіздер деп ойлаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Ерлан Қожанов Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

Президент Қазақстан Халық Кеңесінің алдында тұрған міндеттерге ертең алғашқы сессияның негізгі отырысын да кенірек тоқталады.

### ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Сауд Арабиясының Короліне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Салман бен Әбделазиз Әл Сауд пен оның отандастарын Корольдіктің Ұлттық күнімен құттықтады.

Президент Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы достық және өзара қолдау рухында дамып келе жатқан сан қырлы ынтымақтастық халықтарымыздың игілігі жолында алдағы уақытта да нығая түсетініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясының Королі мен ел басшылығының жауапты қызметтеріне толағай табыс, ал сауд халқына құт-береке тіледі.

## ЕҢБЕК ДАУЫ: ҚОС ТАРАПТАН КЕТЕТІН ҚАТЕЛІК



Жұмыс орнындағы түсініспеушілік кейде қарапайым әңгімеден басталып, еңбек дауына ұласады. Жалақының кешігуі, жұмыстан заңсыз босату, еңбек шарты талаптарының орындалмауы, жұмыс уақыты мен демалыстың сақталмауы немесе қауіпсіздік талаптарының бұзылуы — қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсіретін негізгі мәселелердің бірі. Мұндай жағдайда тараптардың құқығы қалай қорғалады? Ал дауды сотқа жеткізбей шешудің қандай жолы бар?

### АҚОРДА

## ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНЕ НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Президент, Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев дербес мемлекеттік орган ретінде құрылған Қауіпсіздік Кеңесі Аппаратының алғашқы кеңесін өткізді.



Мемлекет басшысы Аппараттың жаңа мәртебесін мемлекеттік институттарды реформалау үдерісімен сабақтастыра қарастыру қажет екенін атап өтті. Әлемдік ахуал жедел құбылып жатқан кезеңде Қауіпсіздік Кеңесі аса маңызды мәселелер бойынша нақты әрі жан-жақты сараланған шешімдер қабылдайтын орталыққа айналуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі сын-қатерлердің сипаты елдегі өзгергеніне назар аударды. Осы орайда киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуге және жасанды интеллектіні қолдануға баса мән берілді.

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы алдағы уақытта өзектілігі арта түсетін ақпарат, технология, азық-түлік, су және энергетика қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше тоқталды.

Президент аталған салалардағы басымдықтарды белгілеп, «Заң мен тәртіп» қағидатын негізгі бағдар ретінде атады.

Кеңес қорытындысы бойынша Аппаратқа бірқатар нақты міндеттер жүктелді. Қазақстанның ұлттық мүддесін, егемендігі мен тұрақтылығын қорғау Қауіпсіздік Кеңесі жұмысының тиімділігін айқындайтын басты өлшем болуға тиіс.

### РЕФОРМА

## ЖЕМІСТІ ЖЕТІ ЖЫЛ



Экономикадағы соңғы жеті жылға жіті көз жіберсек, сандардың артында сапалық жаңғыру жатқанын байқаймыз. Елдің бақуатын бағалайтын ең басты индикатор — жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім. 2019 жылдың алғашқы үш айында осы көрсеткіш 715,5 мың теңге болса, 2026 жылдың бірінші тоқсанында 1 млн 661,6 мың теңгеге жетті. Яғни 2,3 есе өсті. Халықаралық валютамен есептесек, 2 005,1 доллардан 3 338,3 долларға бір-ақ секіріп, шамамен 1,7 есе шарықтады. Бұл — өз-өзінен орнай салған өзгеріс емес, Мемлекет басшысы жүргізіп отырған жүйелі реформалардың жемісі.



Мұхтар Құл-МҰХАММЕД,  
заң ғылымының докторы,  
профессор, академик

## АМЕРИКА АСҚАН ҚАЗАҚТАР

Хрущевтің Америкадан тау жығардай екпінмен оралған ерекше көңіл күйі кеңес-американ қарым-қатынастарына жан кіргізіп, екі ел арасындағы түрлі деңгейдегі делегациялар алмасуына игі әсерін тигізді. Мұны осы сапар барысында мемлекет басшысына аудармашылық қызмет атқарған белгілі дипломат О. Трояновскийдің мемуарындағы: «Будучи человеком эмоциональным, увлекающимся, он стал воспринимать свою поездку за океан как начало новой эры в советско-американских отношениях», — деген жолдардан айқын аңғаруға болады.

## БЕРЕКЕЛІ КҮЗДІҢ БЕРЕРІ МОЛ

Биыл да Сыр елінің егіншілері жылдағы дәстүрден жаңылмай дала төсіндегі жауапты науқанды ұйымшылдықпен бастап, алтын дәннен тау тұрғызуға кірісті. Өңірде күздің берекелі кезеңі Қызылорда қаласына қарасты Қарауылтөбе ауылында облыстық «Дала күні – 2026» шарасы аясында күрішке алғашқы орақ салу рәсімімен бастау алды. Бұл — Сыр топырағында ғасырлар бойы қалыптасқан диқан еңбегіне көрсетілген құрметтің, елдің ырысын еселеп жүрген еңбек адамдарына деген ықыластың белгісі.



РЕФОРМА

24 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖЕМІСТІ ЖЕТІ ЖЫЛ



Экономикадағы соңғы жеті жылға жіті көз жіберсек, сандардың артында сапалық жаңғыру жатқанын байқаймыз. Елдің бақуатын бағалайтын ең басты индикатор – жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім. 2019 жылдың алғашқы үш айында осы көрсеткіш 715,5 мың теңге болса, 2026 жылдың бірінші тоқсанында 1 млн 661,6 мың теңгеге жетті. Яғни 2,3 есе өсті. Халықаралық валютамен есептесек, 2 005,1 доллардан 3 338,3 долларға бір-ақ секіріп, шамамен 1,7 есе шарықтады. Бұл – өз-өзінен орнай салған өзгеріс емес, Мемлекет басшысы жүргізіп отырған жүйелі реформалардың жемісі.

Еркебұлан НҮРЕКЕШ  
ДАҒДАРЫСТАН – ДАМУҒА

Мойындау керек, 2019–2026 жылдар аралығы Қазақстан экономикасы үшін оңай соқпады. Пандемия қыспаққа алды, геосаяси ахуал ұшығып, жаһандық тасымал тізбегі бұзылды, мұнай құны мың құбылды. Соған қарамастан, даму қарқыны бәсендеген жок. 2020 жылы коронавирус кезінде Президент пәрменімен дағдарысқа қарсы ауқымды пакет іске қосылды. Төтенше жағдай режимінде табысынан айырылған 4,6 млн азаматқа 42 500 теңгеден ай сайынғы төлемдер аударылды. Шағын және орта бизнеске 6–8%-бен жеңілдетілген несиелер қарастырылды. 700 мыннан астам кәсіпкер үш жылға табыс салығынан босатылды. Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында инфрақұрылымдық, әлеуметтік жобалар қаржыландырылып, жүздеген мың жұмыс орны құрылды. 2022 жылы басталған геосаяси текетірес жағдайында Үкімет сыртқы сауданы қайта бағыттаудың жедел шараларын қабылдады. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей нарығынан кеткен халықаралық компанияларды Қазақстанға тартып, оларды отандық өндіріс тізбектеріне кіріктіру мәселесін шешті. 2022–2024 жылдары әлемдік инфляция кесірінен азық-түлік қымбаттап, тұтыну тауарларының бағасы аспанға ұшқанда мемлекет қолда бар тетіктердің бәрін қолданды. Негізгі тамақ өнімдеріне шекті баға белгілеп, жергілікті шаруаларға жанар-жағармайды арзандатып, субсидиялар бөліп, экспорттық квоталар енгізіп, тапшылыққа тосқауыл қойды.

ӨНДЕУ  
ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ӨРЛЕУ

Ең бастысы, экономиканың құрылымы өзгерді. Бұрын шикізат экспортына сүйенсек, бертіңгі жылдары өңдеу өнеркәсібіне түбегейлі бет бұрдық. Президенттің индустрияландыру жөніндегі тапсырмаларынан кейін өңдеу саласының үлесі жалпы өндірісте 45%-дан асты. Қазір шикізаттық емес сектор ЖІӨ өсімінің қомақты бөлігін құрайды. Осы мақсатта 2023–2028 жылдарға арналған өңдеу өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы жарияланды. Үкімет «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы өңдеу жобаларын төмен пайыздық ставкамен несиелеуге кірісті. Отандық өндірушілерге 5 жылға дейін салық жеңілдіктері жасалды. Алюминий, мыс сияқты шикізатты ішкі өңдеушілерге арзандатып сату туралы міндетті келісім-шарттар жүйесі бекітілді. Аталмыш қадамдардың арқасында өңдеу өнеркәсібі өсім қарқыны жағынан шикізат шығарудан озып кетті. Әсіресе машина

жасау, автомобиль құрастыру, көлік өндірісін жерсіндіру нәтижесі біршама көңіл көншітеді.

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ЖӘНЕ  
БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Инвестиция тарту тәсілі де жанарды. Президент Жарлығымен Премьер-министр басқаратын Инвестициялық штаб ашылып, бұл ұйымға бұрын-соңды болмаған өкілеттік берілді. Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор штаб қабылдаған шешімдерді мұлтіксіз орындауға міндеттелді. Заңнамалық кепілдіктер күшейтілді. Инвесторларға бір терезе қағидатымен көмек көрсетіліп, дайын инфрақұрылымы бар Greenfield және Brownfield алаңдары ұсынылды. Сөйтіп, енді машина жасау, логистика, энергетика сынды салаларға көбірек қаржы құйыла бастады.



Бұрын шикізат экспортына сүйенсек, бертіңгі жылдары өңдеу өнеркәсібіне түбегейлі бет бұрдық. Президенттің индустрияландыру жөніндегі тапсырмаларынан кейін өңдеу саласының үлесі жалпы өндірісте 45%-дан асты. Қазір шикізаттық емес сектор ЖІӨ өсімінің қомақты бөлігін құрайды.



Инфрақұрылым да назардан тыс қалған жоқ. Жылыту жүйесінің тозуын тоқтату үшін «Тарифті инвестицияға алмастыру» бағдарламасы басталды. Инвесторлар ұзақмерзімді тарифтік кепілдіктерге ие болды.

ҚАРЫЗ ЖҮГІ  
ЖЕҢІЛДЕДІ

2019 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев фискалдық төртіпті қатайтып, квазимемлекеттік сектордың борышын қатаң қадағалауды тапсырған. Содан бері Қазақстанның таза сыртқы қарызы 51 млрд доллардан 35,1 млрд долларға дейін 31%-ға қысқарды. Бұл – мемлекеттің қаржылық тәуелсіздігі нығайғанын дәлелдейтін көрсеткіш. Бюджет кодексіне мемлекеттік қарыздың ЖІӨ-ге арақатынасын белгілейтін нормалар жазылып, шеттен бақылаусыз ақша алуға тыйым салынды. Квазимемлекеттік сектордың сыртқы қарызын шектеу Бюджет кодексінде шегеленді. Президенттің бұйрығымен «Самұрық-Қазына» қоры, «ҚазМұнайГаз», т.б. ірі субъектілер сыртқы облигациялар мен заемдарды мерзімінен бұрын қайтарып жатыр. Жалпы, жеті жылда мемлекеттік басқару органдарының сыртқы қарызы ЖІӨ-нің 20%-ынан төмен, қауіпсіз дәрежеде сақталды. Жаңа сыртқы заемдар тек өзін-өзі өтейтін инфрақұрылымдық жобаларға ғана тартылды. Қаржы саласында активтер сапасын бағалау, долларсыздану шаралары жүзеге асып, екінші деңгейлі банктер халықаралық ұйымдарға алақан жаюын азайтты.

ҚОР ЖИНАЛЫП,  
АЛТЫН КӨБЕЙДІ

Қазақстанның халықаралық резервтері жеті жылда 27 млрд доллардан 66,8

млрд долларға дейін, 2,5 еседей көбейді. Өз кезегінде монетарлық алтын құны 15 млрд доллардан 51,8 млрд долларға жетіп, 3,45 есе ұлғайды.

ҚАРЫЗ ЖҮГІ  
ЖЕҢІЛДЕДІ

2019–2026 жылдардағы қаржылық саясаттың нәтижесін аңғартатын мұндай өсім макроэкономикалық қауіпсіздікті жаңа деңгейге көтерді. Мұның өз себебі бар. Ұлттық банк «Бағалы металдар мен бағалы тастар туралы» заң бойынша «Тау-Кен Самұрық», «Казцинк», «Қазақмыс» тәрізді отандық аффинаж зауыттарынан саф алтынды кезексіз сатып алу құқығын иеленді. Бұл шешім өндірілген шикізатты сыртқа шығармай, ұлттық байлықты ел ішінде жинақтауға мүмкіндік туғызды.

Сондай-ақ кепілдендірілген трансферттерді шектеу саясаты Ұлттық қордың валюталық активтерін қорғауға септесті. Халықаралық нарықта алтынның рекордтық қымбаттауы да монетарлық алтын құнының 51,8 млрд долларға дейін баруына қосымша көмектесті. Алтын – шетелдік эмитенттердің міндеттемелеріне байланбаған және басқа мемлекеттер бұғаттай алмайтын бірден-бір актив. Сондықтан 51,8 млрд долларға парапар алтынның қордалануы Қазақстанды халықаралық қаржы жүйесінде мығым орнықтырып, сыртқы санкциялық, валюталық шоктардан қорғайды. Қаржылық тұрақтылықты сақтауда Ұлттық банк пен Үкіметтің бірлескен саясаты шешуші рөл атқарды. Теңгенің еркін жүзу режимі сыртқы шоктарды жұмсартуға мүмкіндік берді. Халықтың теңгелей депозиттері көбейіп, сыртқы валюталық қарызға сұраныс төмендеді. Осы жұмыстардың нәтижесінде S&P, Moody's, Fitch сияқты халықаралық агенттіктер Қазақстанның кредиттік рейтингін жоғары бағалап отыр.

ӘЛ-АУКАТ ЖӘНЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Экономикалық дамудың дәмін тұрғындар сезінбесе, бәрі бекершілік. Президент реформаларының түпкі мақсаты да – халықтың әл-ауқатын жақсарту. Осы орайда жеті жыл ішінде елдегі нақты жалақы инфляциядан озып, азаматтардың сатып алу қабілеті сақталып қалды. Бұған сандар дәлел: 2019 жылы ең төменгі зейнетақы 36 108 теңге болса, 2026 жылы 69 049 теңгеге жетіп, шамамен 1,9 есе өсті. Зейнетақы төлемінің артуы Қазақстанның жалпы дамуымен тікелей байланысты. Бюджет түсімінің көбеюі әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы әрі толық көлемде индекстеуге жәрдемдесті. 2023 жылы тұнғыш рет Әлеуметтік кодекс күшіне енді. Онда азаматтарды туған кезінен бастап еңбек жолы мен

| 2019–2026 ЖЫЛДАРДАҒЫ<br>ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИНАМИКА |                    |                    |                      |
|-----------------------------------------------|--------------------|--------------------|----------------------|
| Көрсеткіш                                     | 2019 ж.            | 2026 ж.            | Өзгеріс (Нәтиже)     |
| <b>Жан басына шаққандағы ЖІӨ</b>              | <b>715,5 мың ₸</b> | <b>1,66 млн ₸</b>  | <b>2,3 есе өсті</b>  |
| <b>Ең төменгі зейнетақы</b>                   | <b>36 108 ₸</b>    | <b>69 049 ₸</b>    | <b>1,9 есе өсті</b>  |
| <b>Халықаралық резервтер</b>                  | <b>\$27 млрд</b>   | <b>\$66,8 млрд</b> | <b>2,5 есе өсті</b>  |
| <b>Монетарлық алтын қоры</b>                  | <b>\$15 млрд</b>   | <b>\$51,8 млрд</b> | <b>3,45 есе өсті</b> |
| <b>Таза сыртқы қарыз</b>                      | <b>\$51 млрд</b>   | <b>\$35,1 млрд</b> | <b>31%-ға азайды</b> |

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН  
ЛОГИСТИКА

Тұрғын үй, әлеуметтік нысандар салу, ірі логистикалық дәліздерді кеңейту жобалары құрылыс секторына жан бітірді. Ал IT-қызметтер экспорты, қаржылық онлайн-сервистердің даму қарқыны мақтаулы державалардың өзін-өзі шан қаптырды. ТХҚБ, «Солтүстік – Оңтүстік» секілді транзит жолдары, жаңағар порт, жаңғырған теміржол магистралдары («Достық – Мойынты», «Бакты – Аягөз» бағыттары) экспортқа да, импортқа да игі әсер етті. Осылайша, геосаяси оқшаулану қаупі жойылды.

млрд долларға дейін, 2,5 еседей көбейді. Өз кезегінде монетарлық алтын құны 15 млрд доллардан 51,8 млрд долларға жетіп, 3,45 есе ұлғайды.

2019–2026 жылдардағы қаржылық саясаттың нәтижесін аңғартатын мұндай өсім макроэкономикалық қауіпсіздікті жаңа деңгейге көтерді. Мұның өз себебі бар. Ұлттық банк «Бағалы металдар мен бағалы тастар туралы» заң бойынша «Тау-Кен Самұрық», «Казцинк», «Қазақмыс» тәрізді отандық аффинаж зауыттарынан саф алтынды кезексіз сатып алу құқығын иеленді. Бұл шешім өндірілген шикізатты сыртқа шығармай, ұлттық байлықты ел ішінде жинақтауға мүмкіндік туғызды.

зейнет жасына дейін қолдаудың соны стандарты сараланды. Президент шешімімен ең төменгі базалық зейнетақы төлемі күнкөріс деңгейінің 54%-нан 70%-ға дейін, ал ең жоғары шегі 120%-ға дейін кезең-кезеңмен ұлғайды. Бұл әсіресе еңбек өтілі аз немесе табысы төмен зейнеткерлерге үлкен демалу болды. Тағы бір елеулі реформа – Мемлекет басшысының бастамасымен 2021 жылы мақұлданған зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын пайдалану құқығы. Айрықша мүмкіндікті 1 млн-нан астам азамат пайдаланып, БЖЗҚ-да жеткіліктілік шегінен асқан қаржысын баспана жағдайын жақсартуға немесе емделуге жұмсады.

Еңбекке қабілетті тұрғындардың да табысын өсіру бағытында нақты қадамдар жасалды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен ең төменгі жалақы екі еседен астам көбейіп, 85 000 теңгеге жетті. Осының арқасында 1,8 млн-нан астам адамның табысы артты. Бюджет саласы қызметкерлеріне қатысты «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып, тапсырмаға сай мұғалімдердің жалақысы 4 жылда 2 есе өсті. Дәрігерлердің айлығына жылына 30%-дан қосылып, 2 еседен артық көтерілді. Орта медициналық персоналдың жалақысы жыл сайын 20%-ға өсіп отырды. Атаулы әлеуметтік көмек төлеу тәртібі оңтайланды. Отбасының цифрлық картасы түзілді. Нәтижесінде, геосаяси дағдарыстар алқымнан алса да, кедейлік деңгейі 4,5–5% аралығындағы қауіпсіз шекте тұрақты сақталып тұр.

ҚҰРЫЛТАЙ

24 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҚҰРЫЛТАЙ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ, ОСК ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТА ҚҰРАМЫН БЕКІТТІ

■ Құрылтай Спикері Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен отырыста депутаттар Президент ұсынған Жоғары аудиторлық палата мүшелерінің, Орталық сайлау комиссиясы мен Конституциялық Сот судьяларының кандидатураларына келісім берді. Сонымен қатар Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен әріптестік туралы негіздемелік келісім және Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Еуропа конвенциясы бойынша екі ратификациялық заң қабылданды.

Мемлекет басшысы ұсынған Конституциялық Сот судьяларының, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерінің кандидатураларын Президент Әкімшілігінің Басшысы Роман Скляр таныстырды. Ол Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабының 2-тармағына сәйкес, аталған лауазымдарға тағайындау Құрылтайдың келісімімен жүзеге асырылатынын атап өтті.

Қарастыра келе, депутаттар Конституциялық Соттың он судьясын тағайындауға келісім берді. Олар — Сәкен Абдолла, Қайрат Жақыпбаев, Ләйла Жакаева, Айжан Жатқанбаева, Айгүл Қыдырбаева, Канат Мусин, Бақыт Нұрмұханов, Сергей Скрябин, Аслан Түкиев және Сергей Ударцев.

Сонымен қатар Құрылтай Орталық сайлау комиссиясының алты мүшесін тағайындауға келісім берді. Олар — Азамат Аймануков, Михаил Бортник, Мұхтар Ерман, Әсел Жанәбілова, Ләззат Сүйіндік және Шавхат Өтемісов.

Сондай-ақ депутаттар Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін ұсынылған Бақыт Әбілдинов, Рахымжан Ділдаев, Амангелді Есенов, Ғабиден Жаксылықов, Руслан Мелдбеков, Нұрлан Нұржанов, Ардак Тенгебаев және Юлия Энгельдің кандидатураларына келісім берді.

Құрылтай депутаттары «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия



Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» заңды екі оқылымда қабылдады. Құжатты Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин таныстырды.

— Келісімде мемлекеттік кепілдікпен қарыздар мен гранттық жобаларды іске асыру кезінде Банктің Саясаттары мен Ережелерін қолдануға байланысты ұлттық заңнамадан өзгеше нормалар белгіленеді. Атап айтқанда, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, экологиялық, әлеуметтік стандарттарды, енбек стандарттарын және АИИБ-тің ақпаратты көрсету нормаларын қолдану көзделеді, — деп түсіндірді ол.

Серік Жұманғарин Негіздемелік келісім ратификацияланғаннан кейінгі алғашқы бес жылда ел экономикасына жеңілдетілген шарт бойынша шамамен 6 млрд доллар көлемінде қосымша «үзақ мерзімді ақша» тартуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Құрылтай депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Қайрат Айтуғановтың ай-

туынша, қаржы көлік логистикасы, «жасыл» энергетика, цифрландыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инженерлік коммуникацияларды жаңғырту сияқты салалардағы ауқымды жобаларды іске асыруға бағытталады.

Атап айтқанда, жақын арада «Жезқазған — Қарағанды», «Ақтөбе — Қарабұтақ — Ұлғайсын», «Атырау — Доссор» және «Мойынты — Қызылжар» бағыттарындағы автомобиль жолдары мен теміржолдарды қайта жаңарту бойынша жұмыс басталады. Бұл жобаларды іске асыру Мемлекет басшысының көлік инфрақұрылымын жан-жақты дамыту жөніндегі тапсырмасына тікелей сәйкес келеді. Ұзақмерзімді перспективада Банк жобаларын іске асыру жалпы ішкі өнімнің өсуіне, жұмыс орындарын құруға, жеке сектор мен шағын және орта бизнесті дамытуға, инновацияларды ынталандыруға, инвестициялық ахуалды және елдің кредиттік рейтингін жақсартуға ықпал етеді.

Депутат Тәттігүл Талаеваның АИИБ жобаларын қаржыландыру шарттары туралы сұрағына жауап берген Серік Жұманғарин қаржыландыру валютасына қарай қарызды өтеу мерзімі жылдық

1%-дан 1,5%-ға дейінгі мөлшерлеменен 35 жылға дейін болуы мүмкін екенін айтты. Сондай-ақ келісім жасалғаннан кейін Қазақстан мемлекеттік кепілдікпен қаражат тарту мүмкіндігіне ие болады. Бұл мемлекеттік борышты ұлғайтпайды, ал қаражатқа қызмет көрсету және оны қайтару іске асырылатын жобалардан түсетін кіріс есебінен жүзеге асырылады.

Депутаттар сондай-ақ АИИБ талаптары мен Қазақстанның қолданыстағы құқықтық нормалары арасындағы айырмашылықтар, Үкіметтің Құрылтайда ратификациялау рәсімінен өтпей қарыз тарту шарттары және өңірлерге арналған инфрақұрылымдық жобаларды іріктеу критерийлері туралы сұрақтар қойды.

Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Еуропа конвенциясын ратификациялау туралы заң да екі оқылымда қабылданды. Құжаттың нормаларын депутаттарға Бас прокурордың орынбасары Ғалымжан Қойгелдиев таныстырды.

Ескертпелер мен мәлімдемелерге сәйкес, Қазақстан іс-әрекет екі тарапта да қылмыстық тұрғыдан жазаланатын және қазақстандық заңнамаға сәйкес келген жағдайда ғана мүлкті іздестіру

немесе оған тыйым салу туралы сұрау салуларды орындауға құқылы. Сондай-ақ шетелдік азамат талап еткен жағдайда оның қамауға алынғаны, түрмеге қамалғаны, күзетпен ұсталғаны немесе ұстап алынғаны туралы консулдық мекемелерге хабарлау мүмкіндігі қарастырылған.

Бұдан бөлек, адамның қатысуы туралы шақыру қағазын табыстау жөніндегі тапсырма адамның қатысуы белгіленген күннен кемінде 50 күн бұрын берілуге тиіс. Қазақстанға келіп түсетін сұраулар қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармаларымен қоса берілуге тиіс.

Қазақстанда құқықтық көмек туралы сұрау салуларды жіберуге және алуға уәкілетті орталық органдар ретінде Жоғарғы Сот пен Бас прокуратура айқындалды.

Қосымша баяндама жасаған Құрылтай депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Айжан Аймағанова Конвенцияны ратификациялау Қазақстанның Еуропа мемлекеттерімен құқықтық ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеруге, сондай-ақ жана Конституцияда бекітілген заң үстемдігі, адам құқықтарын қорғау және қылмыстық істер бойынша халықаралық ынтымақтастық қағидадарын іске асыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Құжат нормаларымен танысқан депутаттар Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Еуропа конвенциясына қосымша хаттамалар, сондай-ақ Қазақстанның қылмыстық істер бойынша халықаралық ынтымақтастық саласындағы Еуропа Кеңесінің төрт конвенциясына қосылу жоспары туралы сұрақтар қойды. Бұдан бөлек, басқа мемлекеттің аумағында мүлікке тыйым салу немесе оны өркілеу мүмкіндігі, құқықтық көмек көрсету кезінде жалпы қылмыс пен әскери қылмыстарды ажырату және басқа да мәселелер көтерілді.

Отырыс соңында Құрылтай депутаттары мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша 18 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығы Құрылтайдың ресми сайты мен Telegram арнасында жарияланды.

Отырыс қорытындысы бойынша Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялау мәселелері бойынша БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өтті. Журналистердің сұрағына Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, сондай-ақ Құрылтай депутаттары Қайрат Айтуғанов пен Гүлназ Атамқұлова жауап берді.

ДАМУ

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

■ 20 қыркүйекте әлем халқы Дүниежүзілік тазалық күнін атап өтеді. 2023 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы бұл күнді World Cleanup Day деп жариялап, тиісті қарар қабылдады. Жер шарының тұмса табиғатын сақтау мақсатындағы бұл қарар әлем халқының қолдауымен бүгінгі күні дүниежүзілік дәстүрлі шараға айналып үлгерді.

Қазақстанда кейінгі жылдары «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында табиғатқа жанашырлықпен қарау, қоршаған ортаның тазалығын сақтау және елді мекендерді абаттандыру бағытында ауқымды шаралар атқарылуда. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан бұл республикалық акция аясында экологиялық мәдениет пен туған табиғатты қорғау түсінігін қалыптастыру шаралары және қалаларды абаттандыру мен көгалдандыру, аймақтар мен алыс елді мекендерді, өзен аңғарлары мен орман-тоғайларды коқыстан тазарту жұмыстары қолға алынған.

Биыл еліміздің барлық өңірінде Дүниежүзілік тазалық күніне орай экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылды. Ресми ақпаратқа сәйкес, республиканың түкпір-түкпірінен аталған шараға 513 мыңнан астам адам қатысты. Акция барысында саябақтар мен қоғамдық орындар, орман алқаптары, өзен жағалаулары мен су қоймалары, қалалар мен ауылдардың шеткі аумақтары тазартылды.

Ақтөбе облысының тұрғындары да республикалық экологиялық шараға белсене қатысып, өңір табиғатының тазалығын сақтау жұмыстарына «бір кісідей» жұмылды. Ақтөбе өңірін көгалдандыру және қоршаған ортаны коқыстардан тазарту, ағаш отырғызу секілді экологиялық шаралар Ақтөбе қаласында және облыстың барлық ауданында ұйымдастырылды. Мемлекеттік қызметшілер мен енбек ұжымдарынан бөлек, жастар, еріктілер, белсенділер, өнер

адамдары және қарапайым тұрғындар ортақ іске атсалысты.

Қазақ — «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Бір тал кессен, он тал ек» деп өсиет еткен халық. Бұл тұрғыдан алғанда «Таза Қазақстан» — тазалықтан басталып, ортақ мәдениетке айналатын үлкен іс. Облыс әкімі Асхат Шахаров тұрғындармен бірге «Қоныс» спорт сарайының жанындағы жана саябақ аумағында ағаш отырғызды. Сондай-ақ облыс әкімі сенбілікке қатысқан барлық тұрғындарға алғыс білдіріп, дүниежүзілік тазалық күнінің маңызына тоқталды.

— Біз сүйікті қаламызды абаттандыруға өз үлесімізді қосу үшін жиналдық. Сенбілікке белсенділер, еріктілер, өнер саласының өкілдері және облыс тұрғындары — жалпы 12 мыңға жуық адам шықты.



Бұл шара Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасы аясында жүзеге асырылып жатқан республикалық «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясында ұйымдастырылуда. Бағдарламаның мәні тек көшелерді тазалаумен шектелмейді, бұл — адамның қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгерту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және әрбір азаматтың өз

қаласына, ауылына, көшесіне деген жауапкершілігін арттыру, — деді Асхат Шахаров.

Облыс бойынша Дүниежүзілік тазалық күні аясында 7 200 түп ағаш отырғызылды. Оның ішінде мойыл, шетен, шаған, қарағай, сирень, тал, үйенкі, шиыршықты тал, жеміс ағаштары, татар үйенкісі және басқа да өсімдік түрлері бар. Мамандардың пікірінше, жабық тамыр жүйесі бар ағаштардың биіктігі шамамен екі-төрт метр аралығында, яғни агротехникалық талаптар сақталған және қазіргі ауа райына сай, бұл ағаштардың жеріну мүмкіндігін арттырады. Облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Исатай Еспағанбетовтің айтуынша, күзгі алғашқы ағаш егу жұмысы басталды.

— Қазіргі уақытта ағаштарды жабық тамыр жүйесімен егіп жатырмыз. Ашық тамырлы көшеттерді қыркүйектің аяғы мен қазан айының басында егу жоспарланып отыр. Осындай көгалдандыру жұмыстары аудан орталықтары мен ауылдық округтерде де жалғасады. Осы саябақта қарағай, ирек тал және мойыл

секілді 150-ден астам көшет егіледі, — деді ол.

Жалпы, кейінгі жылдары Ақтөбе өңірін жасыл желекпен көмкеру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2026 жылы Ақтөбе қаласы мен аудан орталықтарында 135 гектар аумақта жасыл белдеулер құру жоспарланды. Қазіргі уақытта 46 гектар алқапқа 154 мыңға жуық түп ағаш отырғызылды. Жұмыстарды биылғы жылдың қараша айына дейін толық аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар облыста 12 қыркүйек пен 14 қараша аралығында екі айлық сенбілік өтіп жатыр. Оның аясында аумақтарды санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

— Бүгін сенбілікке шығып, туған қаламыздың тазалығы мен абаттандырылуына үлес қосып жатқан Ақтөбе тұрғындарына алғысымды білдіремін. Бұл — біздің ортақ сүйікті қаламыз. Сондықтан оны таза әрі жайлы ету үшін бәріміз бірге атсалысуымыз қажет.

Егер біз тазалықты тек сенбілік кезінде ғана емес, күнделікті сақтайтын болсақ, қаламыз тұрғындар үшін де, туристер үшін де тартымды бола түседі. Сонда әрқайсымыз Ақтөбемізбен мақтана аламыз, — деді облыс әкімі.

Республика бойынша ауқымды шараға айналған «Таза Қазақстан» акциясы өңір тұрғындарын ортақ іске жұмылдырып, елді мекендерді көгалдандыруға, абаттандыруға және қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Шара аясында елді мекендерді одан әрі көгалдандыру, қала және ауыл тұрғындары үшін қолжайлы орта қалыптастыру, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жалғасады. Сонымен қатар Дүниежүзілік World Cleanup Day акциясына қатысуымыз елімізді әлемдік экологиялық акцияға қатысушы ретінде «Жасыл экономика» қағидатын және 2030 тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді іске асыратын ел ретінде танытуға мүмкіндік береді десек болады.

Арай АСПАН

24 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

Құрылтай депутаты Айжан Аймағанова «Әділет» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдап, 30-дан астам қазақстандыққа құқықтық және консультативтік көмек көрсетті.

## ДЕПУТАТ КОНСУЛЬТАТИВТІК КӨМЕК КӨРСЕТТІ



Еліміздің әр өңірінен келген тұрғындар тұрғын үй, сот даулары, мүлік-тік құқықтарды қорғау, құқық қорғау органдары мен сот орындаушыларының жұмысына қатысты мәселелермен жүгінді. Қабылдау барысында әлеуметтік қолдау және денсаулық сақтау саласындағы мәселелер де көтерілді. Өтініштердің бір бөлігі тұрғын үй даулары бойынша сот шешімдерін орындау, тұрғын үй беру кезегі және қылмыстық істерді тергеуге қатысты болды.

Өтініш білдірушілердің қатарында Түркістан облысының тұрғыны Мәлика Тасболатова да бар. Оның айтуынша, бес жыл бұрын қоғамдық тамақтану нысанын дамытуға 135 млн теңгеден астам қаржы салған. Алайда бір жылдан кейін ол нысанды босатуға мәжбүрлеген. Осы факті бойынша қылмыстық іс қозғалғанымен, кейін тергеу бірнеше рет токтатылған.

— Мен құжаттар мен сараптамалық қорытындыларды өзім жинап, тергеу органдарына тапсырдым. Ұсынылған барлық материалдың зерделеніп, істің заңға сәйкес қаралуын сұраймын, — деді Мәлика Тасболатова.

Тағы бір өтініш иесі Оразбай Бактыбековтің айтуынша, құны 65 млн

теңге болатын дүкенінен айырылған. Кейін нысан басқа адамдардың атына қайта рәсімделген. Ер адам құқық қорғау органдарына жүгінген, алайда істің мән-жайы тиісті деңгейде тексерілмеген.

— Азаматтардың әрбір өтінішінің артында нақты мәселе тұр. Сондықтан қабылдау кезінде тұрғындарды тындап қана қоймай, олардың мәселесін шешудің нақты жолдарын қарастыру маңызды. Азаматтардың мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдарға депутаттық сауалдар жолданып, көтерілген мәселелердің қаралу барысын бақылауда ұстаймын, — деді Айжан Аймағанова.

«Елімай» футбол клубының президенті Асқар Ұранхаев заңнамаға өзгерістер енгізіп, ресми спорттық жарыстардың нәтижелеріне қасақана заңсыз араласқаны үшін жауапкершілік көздейтін жеке норма белгілеуді ұсынды.

Қабылдау барысында келіп түскен барлық өтініш талданады. Қосымша қарауды қажет ететін және уәкілетті мемлекеттік органдардың араласуын талап ететін мәселелер депутаттың бақылауында болады.

Жылу беру маусымы қарсаңында елордадағы Шұбар тұрғын алабында «500 үй қысқа дайын» әлеуметтік бастамасы қолға алынды. «Әділет» партиясының «ҚазГазАймақ» бастауыш партия ұйымымен бірлесіп ұйымдастырылған акция жеке сектор тұрғындарының алдағы қыс мезгіліне дайындалуына көмек көрсетуге бағытталып отыр.

## СМАРТ-ЕСЕПТЕГІШ 500 ҮЙГЕ ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ



Газға қосылған үй иелеріне 500 заманауи смарт-есептегіш тегін беріліп, орнатылады. Ұйымдастырушылар тұрғындарға құрылғыны пайдалану және газды қауіпсіз қолдану ережелері бойынша кеңес беріп жатыр. Жоба Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған атаулы көмек қағидатына негізделген: «Мемлекеттік қолдау шын мәнінде мұқтаж адамдарға көрсетілуі қажет». Мемлекет басшысы атап өткендей, кез келген әлеуметтік көмек әділ, ашық және тиімді болуға тиіс.

Дәл осы бағдар «Әділет» партиясының қызметіне де негіз болып отыр. Партия тұрғындардың мүддесін қорғау мен олардың күнделікті тұрмыстық мәселелерін шешу ісін негізгі басымдық санайды. Ақылды есептегіштер газ шығынын нақты есепке алып қана қоймай, көгілдір отынды оны пайдалану барысындағы қауіпсіздікті арттырады.

Бұл акция — ауқымды газландыру жұмысының заңды жалғасы. Жергілікті тұрғын, зейнеткер Ольга Рыжова ақпанның соңында үйіне газ тартылып, тұрмысы айтарлықтай жеңілдегенін және шығыны да азайғанын атап өтті.

— Газға қосылғаннан кейін шығындарымыз айтарлықтай азайды. Смарт-есептегішпен одан да ыңғайлы болады деген ойдамын. Себебі есептегіш көрсеткішін үнемі телефон арқылы хабарлап отырудың қажеті болмайды. Осы мәселе бойынша түрлі мекемеге өтініш жасалған еді. Ақыры ол оң шешімін тапты. Бұл іске «Әділет» партиясы үлкен үлес қосты, — деді Ольга Рыжова.

Жабдыктарды орнату жұмысы күн суығанға дейін жалғасып, ұйымдастырушылар осы әлеуметтік акция қорытындысы бойынша толық есеп ұсынады. Онда орнатылған есептегіштер мен қолдау көрсетілген отбасылар саны қамтылады.

## МЫҢДАҒАН ЕСІРТКІ ГРАФФИТИ ӨШІРІЛДІ

Еліміздің барлық өңірінде «Әділет» партиясының жастар қанаты ұйымдастырған есірткіге қарсы рейдтер мен профилактикалық акциялар жалғасып келеді. Еріктілер, қоғам белсенділері және құқық қорғау органдарының өкілдері көшелерді тыйым салынған заттардың заңсыз жарнамаларынан тазартты.

Еріктілер тұрғын үйлердің аулаларын, көшелер мен қоғамдық орындарды аралап, көлеңкелі интернет-ресурстардың байланыс деректері көрсетілген трафареттерді анықтап, өшірді. Республикалық науқан аясында барлығы 2 500-ден астам наркограффити мен жарнама жазбалары жойылып, рейдтер мен түсіндіру кездесулеріне екі мыңға жуық жас белсенді жұмылдырылды.

Жазуларды өшірумен қатар, белсенділер күмәнді сілтемелер мен Telegram-арналарға өтудің қауіпті екенін жан-жақты түсіндіріп, мұндай жарна-



малар анықталған жағдайда полиция қызметкерлеріне хабарлауға шақырды. Сонымен қатар өскелең ұрпақ үшін бос уақытты тиімді әрі пайдалы өткізуге бағытталған спорттық турнирлер, пікірталастар және ашық алаңдар ұйымдастырылды.

«Жастар Рухы» Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Арафат Мәжитов осы шаралардың маңыздылығына тоқталып, профилактикалық жұмыстар жастарға жай ғана теориялық ақпарат берумен шектелмей, өз қаласының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге нақты мүмкіндік беруі қажет екенін атап өтті.

— Есірткімен күресте профилактикалық жұмыстардың маңызы зор. Біз жастарға тыйым салынған заттардың зияны туралы айтумен бірге, оларға қоғамдық ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге нақты үлес қосуға мүмкіндік береміз. Заңсыз жарнамаларды жою — атқарылып жатқан жұмыстың бір бөлігі ғана. Ең бастысы, өскелең ұрпақтың есірткіге деген теріс көзқарасын қалыптастырып, тұрақты түрде белсенді әрі салауатты өмір салтын таңдауға жағдай жасау, — деді Арафат Мәжитов.

Павлодар облысының белсендісі Әлихан Айтмұхан да осы ойға қосылып,

## ОҚУШЫЛАРДЫ ТІГІН ЦЕХЫМЕН ТАНЫСТЫРДЫ



«Әділет» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы Еңбек күні қарсаңында экскурсия ұйымдастырды. Оның барысында Мағжан Жұмабаев атындағы IT-мектеп-лицейінің оқушылары Петропавлдағы тігін цехтарының бірінде өндіріс барысымен танысты.

Еңбек адамы, ең алдымен, туған елінің жарқын келешегі үшін аянбай жұмыс істейтін адам екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткен еді. Осы орайда «Әділет» партиясы ұйымдастырған экскурсия аясында оқушылар матаны дайындау, пішу, тігін машиналарымен жұмыс істеу және өнім сапасын бақылау үдерісіне зер салды.

шеберлігі тұрады. Сондықтан мұндай экскурсиялар болашақта өз мамандығын таңдайтын оқушылар үшін аса маңызды, — деді «Әділет» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының басшысы Калия Төренова.

Өз кезегінде, цех қызметкерлері қандай жұмыс атқаратындарын айтып, оқушылармен ой бөлісті. Мәселен, тігінші Ирина Полховская осы салада 40 жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді. Оның айтуынша, осы жылдар аралығында құрал-жабдықтар мен технология айтарлықтай өзгергенімен, жұмыс сапасы әрдайым қызметкердің еңбегіне, оның білімі мен шеберлігіне байланысты болып қала береді.

— Тәжірибе уақыт өте келе жиналады. Ең бастысы, адам өз жұмысын жақсы көруі керек. Қазір технологиялар көбейді. Алайда бұл мамандықта адам еңбегін ештеңе алмастыра алмайды, — деді Ирина Полховская.

Тігін цехында өткізілген экскурсия — Еңбек күніне орай ұйымдастырылған кәсіптік бағдар беру іс-шараларының алғашқысы. Апта соңына дейін түрлі мектеп оқушылары тағы бірқатар кәсіпорын мен өрт сөндіру бөліміне барады.



Бетгі дайындаған Бекбол АМАНГЕЛДІ

ҚОҒАМ



Елнар КАБА (қолма)

А Елдос СЕНБАЙ

**ҚЫЛМЫСТЫҢ КҮРДЕЛІ ТІЗБЕГІ**  
Есірткі әлемі бір орында тұрмайды. Ол талай тағдырды жарға жыққан тұзағын әлеуметтік желідегі «онай табыс» жарнамасы, мессенджердегі ақылы тапсырма, тіпті күнделікті қала ішінде зырлап жүретін курьердің орындайтын тапсырысы түрінде түрлендіріп, жанаша құрып жатқан көрінеді. Қазақстанда 1 маусымнан 31 қазанға дейінгі аралықта өтіп жатқан, есірткінің заңсыз айналымын өшкерелеуге және алдын алуға, сондай-ақ есірткілі өсімдіктерді жоюға бағытталған «Қарасора-2026» жедел-профилактикалық іс-шарасының алғашқы нәтижелері осы өзгерістің ауқымын аңғартады. «Қарасора-2026» операциясы аясында есірткі әзірлеуші, тасымалдаушы, сатушы арналарға сокқы беріліп жатыр. Бұл науқанның ақырғы қорытындысы кейін шығарылады, бірақ қазіргі жетістігінің өзі қомақты көрінеді. Мысалы, Ақтөбе облысында да полиция автокөлік бара алмайтын шалғай аумақтарды тікұшақпен шарлап, республикалық маңызы бар жолдарда мобильді бекеттер ұйымдастырған. Көліктерді тіптуге қызметтік итер тартылып жатыр. Іс-шара басталғалы өңірде жүзден аса есірткі қылмысы тіркеліп, заңсыз айналымнан

ең кемі 346 келі есірткі тәркіленді, 5 855 түп жабайы қарасора жойылды. Даладағы есірткілі өсімдіктің әрбір түбінің жойылуы — қылмыстық нарықтың бір тамырының қиылғаны. Ақмола облысындағы көрсеткіш те назар аудартады: заңсыз айналымнан 321,8 келіден астам есірткі алынған: 142,6 келіден астамы «синтетика». Есірткінің заңсыз таралымының үлкен бөлігі интернет кеңістікке көшіп жатқанын ескеріп, тәртіп сақшылары ғаламтордағы саудаға қарсы киберқимылды күшейткен: өңірде есірткі сататын немесе жарнамалайтын 400 сілтеме және сайт бұғатталыпты. Демек, есірткімен күрес енді тек көшедегі рейд емес, экранның ар жағындағы көлеңкелі кеңістікті де қамтитын майданға айналды. Ең аландатарлық көріністің бірі — синтетикалық есірткі өндірісінің кәсібиленуі әрі әртараптануы. Мәселен, Екібастұзда екі ағайынды үй ауласындағы гаражды зертханаға айналдырып, өндірісті жолға қойған. Тінту кезінде 10 келіден астам альфа-RVP есірткісі, 860 литр химиялық сұйықтық, 300 литрлік реактор, зертханалық құты, жабдықтар табылған. Тергеу дерегіне, шетелдегі куратор Signal мессенджері арқылы тікелей эфирде лабораториядағы есірткі өндірісінің бүкіл циклін қадағалаған, бұл екеуін есірткі жасауға үйреткен. Бұған қоса, жасырын орындарға

**«ОНАЙ ОЛЖА» ҚЫМБАТҚА ТҮСТІ**  
Қарау ниетті есірткі саудагерлері көптеген адамның әлсіз тұсын, талмау жерін дөп басып, тез баюға деген құмарлығын, қарызға батқан тағдырын өз орайына пайдаланады. Олар жана айла-амалдарды ойлап тапты: мысалы, әлеуметтік желілерде: «Біздің платформаға инвестиция салып, қаражаттарыңызды еселеп көбейтіңіз және мол пайдаға кенеліңіз» деген сипатта жұртты елеңдетер жарнамаларды қаптапты жіберді. Осы алдауға риясыз сеніп, сілтеме арқылы өткен аңғал жандар инвестиция орнына алаяқтық пен қылмыстың сүркія батпағына — есірткі сататын астыртын сайтқа тап болады. Мамандардың түсіндіруінше, әрі қарай ынта-ықылас білдіргендерге заңсыз өнімдердің партиясын сатып алу ұсынылады. Оны қалай өлшеп, ұсақ қалталшаларға бөлу, сондай-ақ қала ішінде жасырын тарату тәсілдерін тәптіштеп түсіндіретін көрінеді. Өкінішке қарай, онай олжаны қалап, жалған үәденін арбауына түсіп, бұл шырмауықтан шыға алмай қалғандарын қатары күн санап артып келеді. Көкшетаудағы әкелі-баланың соты да ашы мысал. 20 жастағы қыз «мол табыс табу» мақсатында синтетикалық психотропты затты аса ірі мөлшерде сатып алыпты. Артынша әлеуметтік желідегі «табыс табу» ұсынысына қызығып, ресми жұмысы жоқ оның әкесі де есірткі таратушы («закладчик») қызметін орындауға кіріскен. Одан 30 бума синтетикалық зат тәркіленді. Сот рақымшылық аясында қызды екі жыл сегіз айға, әкесін бес жыл төрт айға бас бостандығынан айырды. Бұл заңсыз бизнес тұтас отбасын талқандады: «онай ақша!» деп арамзалықпен сілтеген жол оларды темір торға тіреді. Ескемендегі оқиға да тағы бір жана схеманың сырын ашты. Басқа қаладан келген 20 жастағы ер адам әлеуметтік желідегі «жұмыс» туралы хабарландыруға сеніп, ірі партияларды алып, оларды өлшеп, қаптап, жасырын орындарға салуға дайындаған. Еңбегінің ақысын криптовалютамен алған. Мұның сыртында есірткі саудагерлерінің нарықтағы заманауи логистикалық мүмкіндіктерді белсенді пайдаланып жатқаны өшкереленді. Көкшетауда, танымал ресейлік агрегаторда ресми курьер болып істеген 33 жастағы ер адам қала ішінде елеусіз, еркін қозғалу мүмкіндігін есірткі таратуға пайдаланған. «Қарасора-2026» іс-шаралары аясында есірткі қылмыстарымен күрес бөлімшесінің қызметкерлері оны ұстап алып, фирмалық сөмкесінен «a-RVP» синтетикалық есірткісі салынған 15 буманы тәркіледі. Жалпы, 7 айда елде синтетикалық есірткі өндіретін 17 ошақ жойылып, 7 ұйымдасқан қылмыстық топтың қызметі тоқтатылған.

**ЖАЗАНЫ ЖІКТЕГЕН ЖӨН БЕ?**  
Сарапшылардың пайымдауынша, есірткі қылмысы үлкен зертханалардағы өндірістерден анағұрлым күрделі, әртараптандырылған схемаларға кетіп жатыр. Кинодағыдай тау шатқалдарына, қиян далаға тікұшақпен жасактар сау ете қалып, есірткі өндірілетін алып кешендерді, кең базаларды жоюы сияқты эпизодтар тарих еншісінде қалып бара жатқандай. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері де бұл саладағы өзгерістің ауанын байқатады. 2026 жылғы қаңтар-тамыз айларында Қазақстанда есірткіге қатысты 5,5 мың қылмыс тіркелді. Бір жыл ішінде олардың саны 6,7%-ға азайған. Бұл ретте есірткіге қатысты құқықбұзушылықтардың жалпы қылмыстар санынағыз үлесі керісінше, 7,2%-ға дейін өскен. Салыстырғанда, 2016 жылғы қаңтар-тамызда осындай 6,3 мың құқықбұзушылық тіркеліп, оның үлесі небәрі 2,4%-ды құраған екен. Демек, он жыл ішінде есірткіге қатысты қылмыс саны 12,3%-ға азайған, олардың үлесі керісінше, 3 есе өскен. Бұл тіркелген

басқа қылмыс түрлерінің жалпы саны есірткіге қатысты құқықбұзушылықтар санына қарағанда жылдамдық қысқарғанын білдіреді. Есірткі айналасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жартысынан көбі саудалау мақсатынсыз есірткі және психотроптық заттарды сатып алумен байланысты екен. 2026 жылғы қаңтар-тамызда осындай 3 мың жағдай тіркелді. Бұл бір жыл бұрынғыдан 9,9%-ға аз. 1,7 мың құқықбұзушылық сату мақсатында есірткіні сатып алу, сақтау және тасымалдаумен, сондай-ақ тікелей саудалаумен байланысты болды. Олардың саны 5%-ға қысқарды. Ішкі істер министрлігі «Кейбір заңнамалық актілерге есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеуді декриминализациялау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасын әзірледі. Құжатта «есірткі құралдарының заңсыз айналымы саласында ең жиі қолданылатын қылмыстық-құқықтық нормалардың бірі» болып отырған 296-баптың 1-ші және 2-ші бөліктерін Қылмыстық кодекстен алып тастау, оның орнына «есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау үшін әкімшілік жауаптылық белгілеу» ұсынылған. Бұл жерде аса ірі мөлшердегі осындай әрекеттер, сондай-ақ өткізу мақсаты бар барлық іс-әрекет қылмыстық жауапкершілік шеңберінде қалмақ. Ұсыныстың мәні — есірткі тұтынуды заңдастыру емес, құқықтық жауапкершілікті саралау. Қолданыстағы жүйе бойынша 2020-2025 жылдары 296-баптың 1 және 2-бөліктері бойынша жылына шамамен 3-4,6 мың іс тіркеліп, олардың 45-70 пайызы ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылған. 2025 жылы осы нормалар бойынша 1 873 адам сотталған. Мұндағы мәселе жазаның қаталдығында ғана емес, оның нақты нысанаға қаншалық дәл тиетінінде болса керек. Есірткі қылмысының сипаты өзгерген сайын оған қарсы мемлекеттік шаралар да нақты әрі сараланған сипат алғаны маңызды. Елге ажал сепкен бұл тажалдың тың тәсілдеріне қарсы күрес қылмыскерді ұстаумен шектелмей, тұтас қылмыстық тізбекті үзуге бағытталса, құба-құп. Бұл жолда «Заң мен Тәртіп» қағидаты үстем болып, қоғам қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстық бизнеске берік тосқауыл қойылуға тиіс.

ЕҢБЕК ДАУЫ: ҚОС ТАРАПТАН КЕТЕТІН ҚАТЕЛІК

Жұмыс орнындағы түсініспеушілік кейде қарапайым әңгімеден басталып, еңбек дауына ұласады. Жалақының кешігуі, жұмыстан заңсыз босату, еңбек шарты талаптарының орындалмауы, жұмыс уақыты мен демалыстың сақталмауы немесе қауіпсіздік талаптарының бұзылуы – қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсіретін негізгі мәселелердің бірі. Мұндай жағдайда тараптардың құқығы қалай қорғалады? Ал дауды сотқа жеткізбей шешудің қандай жолы бар?

А Айгүл СЕЙІЛ

**ДАУ БАСТАЛМАЙ ТҮРЫП...**  
Еңбек қатынасындағы кез келген келіспеушілік бірден сотқа жетпейді. Заңнамада жеке еңбек дауларын қараудың сотқа дейінгі тетіктері қарастырылған. Соның бірі — келісу комиссиясы. Келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскер өкілдерінен құрылады. Оның міндеті — тараптар арасындағы жеке еңбек дауын қарап, мәселені шешуге мүмкіндік жасау. Бұл ретте оны медиаторлықпен шатастырмаған жөн. Медиация кезінде тәуелсіз медиатор тараптардың өзара келісімге келуіне көмектеседі және өзі шешім шығармайды. Ал келісу комиссиясы еңбек дауын қарап, шешім қабылдайтын орган ретінде жұмыс істейді. Заң бойынша жұмысқа қайта алу туралы дауларда жұмыскер келісу комиссиясына жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы актісіннің көшірмесі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде жүгіне алады. Ал басқа еңбек даулары бойынша жүгіну мерзімі — жұмыскер өзінің құқығы бұзылғанын білген немесе бұлге тиіс болған күннен бастап бір жыл.

Алайда 2026 жылы еңбек дауларына қатысты маңызды құқықтық мәселе көтерілді. 8 маусымда Қазақстанның Конституциялық Соты еңбек дауы бойынша сотқа жүгіну мерзіміне қатысты қаулы қабылдады. Мәселе өсіресе, жалақыға қатысты дауларға байланысты. Яғни жұмыс беруші қызметкерге тиесілі жалақыны немесе еңбекке байланысты басқа да төлемдерді бермей қойған жағдайда, жұмыскер өз ақшасын сот арқылы талап ете алады. Конституциялық Сот мұндай талаптарға Азаматтық кодексте белгіленген үш жылдық талап қою мерзімін қолдануға мүмкіндік бар екенін түсіндірді. Қарапайым тілмен айтқанда, жалақысын ала алмай қалған жұмыскердің өз құқығын сот арқылы қорғауға мүмкіндігі кеңейіп отыр. Осы мәселені заңнамада нақтылау үшін Конституциялық Сот Үкіметке Еңбек кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынды.



«Мұндай жағдайда формалды себеп іздеу басталады: тәртіпбұзушылықтар шұғыл тіркеліп, тәртіптік жазалар қолданыла бастайды. Алайда еңбек дауларында сот жұмыстан шығарудың негізін ғана емес, бүкіл рәсімнің қалай жүргізілгенін де бағалайды», — дейді судья. Сот тәртіпбұзушылықтың уақытылы тіркелгенін, қызметкерден жазбаша түсініктеме сұралғанын, тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзімдері мен Еңбек кодексінің талаптары сақталғанын текереді. Қызметкер еңбек тәртібін шынымен бұзған күннің өзінде жұмыс берушінің заңда белгіленген рәсімді сақтамауы жұмыстан шығаруды заңсыз деп тануға дербес негіз болуы мүмкін. Мұндай даулардың қаншалықты жиі кездесетінін сот статистикасы көрсетеді. 2024 жылы соттарға жұмысқа қайта алу туралы 1 480 талап арыз, 2025 жылы 1 746 талап арыз түскен, ал 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында олардың саны 969-ға жетті. Жалақы төлеуге байланысты даулар одан да көп: 2024 жылы — 2 428, 2025 жылы — 2 723, ал тек 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында — 1 709 талап арыз. «Рәсімдік қателіктер қызметкерді жұмысқа қайта алуға ғана емес, амалсыз бос жүрген уақыты үшін жалақы өндіріп алуға да әкелуі мүмкін. Сондықтан жұмыстан шығару туралы шешім эмоцияға сүйеніп емес, заңда көзделген рәсімді қатаң сақтай отырып қабылдануы тиіс», — дейді Динара Құйқабаева.

АУЫЗША КЕЛІСІМ...

Еңбек дауындағы кең таралған қателіктің бірі — телефон арқылы сөйлескеннен, мессенджердегі хат алмасудан немесе ауызша үәден кейін ынтымақтастықты бастау. Нәтижесінде тауар жеткізіледі, жұмыс орындалады, ақша беріледі, бірақ мерзімдер,

түсіндірудің маңызы зор екенін көрсетеді. Сондай-ақ ауызша келісімнің еңбек дауын туғызатын баспалдақтардың бірі екенін де байқауға болады.

ҚҰҚЫҚТЫ БІЛУ — ДАУДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сайтында «Жұмыс беруші өз еркінзбен жұмыстан шығуға мәжбүрлесе не істеу керек?» деген мақала жарияланды. Онда жұмыскердің жұмыстан шығуы оның ерікті шешімі болуы керектігі көрсетілген. «Егер сіз жұмыстан шығуды қаламасаңыз, жұмыс беруші сізден «өз еркінзбен» жұмыстан шығу туралы өтініш жазуды талап етпеуге тиіс. Егер жұмыстан шығуды қаламасаңыз, өтініш жазбаңыз. Жұмыс берушінен жұмыстан шығару негізін көрсетуді сұраныз. Егер еңбек қатынастарын тоқтату бастамасы жұмыс берушінен болса, еңбек шартын бұзу заңнамада көзделген тиісті негіз бойынша және белгіленген тәртіпті сақтай отырып жүргізілуі тиіс. Растайтын материалдарды сақтаныз: хат алмасуларды, хаттамаларды, бұйрықтарды және басқа да құжаттарды. Мазмұнымен таныспай тұрып құжаттарға қол қоймаңыз», — делінген мақалада. Ал жұмыскердің еңбек құқығы бұзылған жағдайда, растайтын құжаттар мен материалдарды қоса бере отырып, жұмыс берушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік еңбек инспекциясы департаментіне жүгінуге құқығы бар екені баяндалған. Еңбек қатынасының екі тарабы да өз міндетін білуі керек. Жұмыс беруші еңбек шартын заң талаптарына сай рәсімдеп, жалақыны уақытылы төлеп, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге міндетті. Жұмыскер де еңбек шартының талаптарын, ішкі еңбек тәртібін және өзіне жүктелген міндеттерді сақтайты тиіс. Мемлекеттік бақылаумен қатар, еңбек қатынастарын цифрландыру да күшейіп келеді. 2026 жылдың бірінші тоқсанында еңбек шарттарын рәсімдеу бойынша жоспарланған 197 894 шарттың орнына 260 558 еңбек шарты жасалған. Ал ірі және орта кәсіпорындардың 18,7 мыңында ұжымдық шарттар цифрландырылған. Бұл еңбек қатынасындағы ақпаратты нақтылауға және тараптардың міндеттемелерін айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Өйткені еңбек шарты — жай ғана құжат емес, екі тараптың құқықтары мен міндеттерін бекітілетін негізгі құжат. Еңбек дауы көбіне бір күнде пайда болмайды. Оның алдында шешілмеген мәселе, орындалмаған міндет немесе тараптардың бір-бірін тыңдамауы тұрады. Сондықтан еңбек құқығын қорғаудың ең тиімді тетіктерінің бірі — дауды сотқа жеткізбей, заң аясында дер кезінде шешуге ұмтылу.



АЙМАҚ

24 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

БЕРЕКЕЛІ КҮЗДІҢ БЕРЕРІ МОЛ

Халқымызда «Егін ексең – елге береке, еңбек ет-сең – жерге мереке» деген есті сөз бар. Осы ретте Сырдың бойын жайлаған дикан қауымы үшін әр көктем үміттің бастауына айналып, күзгі мол өнімге деген сенімін еселей түседі. Мұның артында дала еңбеккерлерінің аптап ыстыққа да, су тапшылығына да, табиғаттың тосын мінезіне де қарамай жасаған тынымсыз еңбегі жатыр.

**А** **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**  
Қызылорда облысы



**ЕҢБЕК МЕРЕКЕСІ, ДИКАННЫҢ БЕРЕКЕСІ**

Сырдарияның қос қапталындағы тіршіліктің тамыры ежелден егінмен біте қайнасып жатыр. Көктемде жерге дән сепкен дикан үшін күзгі орақ науқаны жыл бойғы еңбектің нәтижесі таразыланатын жауапты кезең саналады.

Биыл да Сыр елінің егіншілері жылдағы дәстүрден жаңылмай дала төсіндегі жауапты науқанды ұйымшылдықпен бастап, алтын дәннен тау тұрғызуға кірісті. Өңірде күздің берекелі кезеңі Қызылорда қаласына қарасты Қарауылтөбе ауылында облыстық «Дала күні – 2026» шарасы аясында күрішке алғашқы орақ салу рәсімімен бастау алды. Бұл – Сыр топырағында ға-сырлар бойы қалыптасқан дикан еңбегіне көрсетілген құрметтің, елдің ырысын еселеп жүрген еңбек адамдарына деген ықыластың белгісі.

Бұлжолғы «Дала күні—2026» шарасының маңызды бөлігі Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының тәжірибелік егістік алқабында өтті. Қатысушылар күріш шаруашылығына енгізіліп жатқан заманауи технологиялармен танысып, суды үнемдеу, топырақ құнарлылығын

арттыру және егіс өнімділігін жоғарылату бағытындағы ғылыми әзірлемелерге на-зар аударылды. Сондай-ақ күріш өсіруге арналған жаңа техникалар мен жабдық-тардың мүмкіндіктері көрсетілді. Өңірдің табиғи жағдайына бейімделген, өнімділігі жоғары күріш сорттары көпшілік назарына ұсынылды.

Бұл ретте егін шаруашылығының өнім-ділігін арттыруда ғылым мен өндірістің байланысын күшейтудің маңызы зор. Себебі бүгінгі егіншілікте технологияға, ғылыми ізденіске және суды ұтымды пайдалануға тәуелділік басым.

Жалпы биыл Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы дақылдары 193,7 мың гектар жерге орналастырылды. Оның ішінде 91,2 мың гектарға дәнді дақылдар, 9,6 мың гектарға майлы дақылдар, 75,9 мың гектарға мал азықтық дақылдар егілді. Сондай-ақ картоп, көкөніс және бақша дақылдарының көлемі 17 мың гектарды құрады. Ал Сыр өңірінің брендіне айналған күріш дақылы биыл 70 мың гектар алқапқа орналастырылған. Әр гектардың артында қаншама еңбек тұрғанын бір ғана санның өзі аңғартады. Бұл Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының берген мәліметі.

**ЕГІСТІ ӨРТАРАПТАНДЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Қай кезде де су ресурстарының шектеулі жағдайында егін шаруашылығын бұрынғы қалыппен жүргізу мүмкін емес. Сондықтан облыста егісті өртараптандыруға ерекше басымдық беріліп отыр.

Бұл тұрғыда күріш алқаптарын онтай-ландыру арқылы су үнемдейтін, нарықтық әлеуеті жоғары дақылдардың көлемі арттырылуда. Соның айқын дәлелі ретін-де өңірде дәндік жүгері дақылын егу бастамасы қарқын алғанын ерекше атап өтуге болады.

«Жалпы, өңірде ауыл шаруашылығын өртараптандыру бағытындағы жұмыстар-дың нақты нәтижесінің бірі – дәндік жүгері алқабының ұлғаюы. Өткен жылы облыс бойынша небәрі 2 мың гектарға жүгері егілсе, биыл бұл көрсеткіш 11 мың гектарға дейін жеткізілді. Яғни бір жылдың ішінде жүгері алқабы бірнеше есеге артты. Бұл алдымен шаруалардың жаңа дақылға деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар биылдан бастап осы бағытта об-лыста бірқатар ірі инвестициялық жоба іске асырылуда. Мұндай жобалар жүгері өндірісін жолға қоюмен қатар, оны өңдеу, қосымша құн қалыптастыру және жаңа

жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру маңызды», – деп мәлімдеді басқарманың баспасөз қызметінен.

Негізінен, кейінгі жылдары Сырдария суының жағдайы аграрлық саясатқа тікелей әсер етіп тұр. Бұл тұрғыда климаттың өзгеруі, су ресурстарына түсетін қысым, трансшекаралық өзенге тәуелділік бірінші кезекте егін шаруашылығына бұрынғыдай қарауға мүмкіндік бермей отыр. Соған орай өңірде суды көп қажет ететін дақыл-дардың көлемін онтайландыру мәселесі күн тәртібіне шықты. Осы ретте жүгері дақылын кеңейтуге басымдық берілуі заңдылық. Өйткені дәндік жүгері кү-ріш сияқты алқапты ұзақ уақыт суға бастырып ұстауды қажет етпейді. Яғни бұл дақыл да суаруды, агротехниканы, тыңайтқышты, өсімдікті қорғауды талап еткенімен, күрішке қарағанда тиімділігі жоғары. Сондықтан Сырдың бүгінгі ауыл шаруашылығы үшін бұл кадам ең маңызды өлшемдердің біріне айналып тұр.

Жалпы жүгері Сыр үшін мүлдем жаңа дақыл емес. Кеңес дәуірінде аймақта жүгері дақылы едәуір көлемде өсірілген. Алайда кейін күріш өндірісі күшейіп, жүгерінін алқаптағы үлесі кемі бастады. Ұзақ жылдар бойы ол көбіне мал азығы ретінде қабылданды.

Ал бүгінгі жағдай мүлде басқа. Қазір жүгері тек мал азығы емес, өңдеу өнер-кәсібіне қажетті стратегиялық шикізат ретінде қарастырыла бастады. Осы ретте облысқа қарасты Сырдария ауданында жылына 150 мың тонна жүгеріні терең өңдейтін зауыттың құрылысы бастау алғаны осы сөзімізге айқын дәлел. Жалпы құны 40 млрд теңгеге бағаланған жоба толық іске қосылған кезде 550 адамды тұрақты жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Зауытта жүгеріден крахмал, шәрбат және басқа да өнімдер шығару көзделген.

Өңірде алдағы жылдар еншісінде жүгері алқабының көлемін одан әрі ұлғайту жоспары да бар. Мәліметке сәйкес, 2027 жылы оның көлемін 28 мың гектарға дейін жеткізу көзделсе, ал 2028-2029 жылдары 37 мың гектарға жеткізу жоспары қарастырылуда.

**СУДЫ ҮНЕМДЕУГЕ БЕТБҰРЫС БАСЫМ**

Кейінгі жылдары Сыр өңірінің егін шаруашылығы үшін су тапшылығы ең өзекті мәселелердің біріне айналып тұр. Сондықтан облыста су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары кеңейіп келеді.

Басқарманың мәліметіне сәйкес, өткен жылы мұндай технологиялар 8,1 мың гектар алқапта қолданылса, биыл бұл көрсеткіш 14,2 мың гектарға жеткен. Бұл бастама өңір шаруаларының суды үнемдеуге бағытталған заманауи технологияға бет бұрып келе жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар аймақта күріш алқаптарын лазерлік тегістеу жұмыстары да қарқын алып тұр. Былтыр 60 мың гектар күріш алқабы лазерлік тегістеуден өткізілсе, биыл бұл көрсеткіш 65 мың гектарға жеткізілген. Сонымен қатар биыл шаруашылықтар ауыл шаруашылығы техникаларымен, жанар-жағармаймен және минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілген. Нәтижесінде өңірде ерте егілген дәнді дақылдарды жинау жұмыстары толық аяқталған. Қазір шаруалар мал азықтық және майлы дақылдармен қатар, көкөніс пен бақша өнімдерін де жинауға кіріскен.

Ал күріш дақылына келсек, биылғы кезенге алқапқа 17 мың 500 тонна күріш тұқымы себілген. Оның ішінде отандық сұрыптарын үлесі 3 пайызды құраса, шетелдік сорттар 97 пайызға тең екен. Қазір күріш алқабының 65 пайызы жақсы, 30 пайызы қанағаттанарлық және 4 пайызы нашар деп бағаланып отыр. Соңғы деректерге сәйкес, орта өнім 49 центнерден айналууда екен.

Көктемде жерге түскен дәннің жай-қалып, ак маржан күрішке айналуы дикан қауымының өлшеусіз еңбегі саналады. Сондай-ақ Сырдың күріш шаруашылығы өзінің жылдағы дәстүрін сақтай отырып, жаңа технологияларға бет бұруы ұтымды үйлестірілген жұмыстың нәтижесін аңғартады.

Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұ-мыстар жүйелі жалғасын тапса, Сырдың егін шаруашылығының жаңа сапалық дең-гейге көтерілуге мүмкіндігі артары сөзсіз.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Шымкент қаласында қоршаған ортаны қорғау бағыты бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Қала аумағындағы атмосфералық ауаның сапасын бақылау, су ресурстарының жай-күйін зерделеу, өндірістік нысандардың экологиялық талаптарды сақтауын қамтамасыз ету, заңсыз қоқыс орындарын анықтау және жою мәселелері тұрақты назарда. Бұл бағыттағы шаралар қаланың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және қоршаған ортаға түсетін антропогендік жүктемені азайтуға бағытталған.

**А** **Назгүл НАЗАРБЕК,**  
Шымкент қаласы

Қала бойынша Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Экология департаменті 2026 жылдың алғашқы тоғыз айында экологиялық реттеу және бақылау бағытында бірқатар жұмыстар атқарды. Департаменттің Экологиялық реттеу бөлімі есепті кезеңде 37 мемлекеттік қызмет көрсетті. Оның 25-і келісіліп, 12 өтініш бойынша бас тарту берілген. Атап айтқанда, I санаттағы объектілер үшін 7 экологиялық рұқсат беріліп, тағы 2 өтініш қаралуда. Қоршаған ортаға әсерді бағалауға қатысты 10 қорытынды шығарылса, 10 өтініш толықтыру үшін қайтарылған. Ал қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша 8 қорытынды беріліп, 2 жағдайда теріс қорытынды шығарылған, тағы 2 өтініш қаралып жатыр.

Бүгінде қала аумағында экологиялық санаты анықталған кәсіпорындардың басым бөлігі III санатқа жатады. Нақтырақ айтқанда, I санатта – 43, II санатта – 146, III санатта – 477, IV санатта 368 кәсіпорын бар. Департамент басшысы Ермахан Қозыбаевтың айтуынша, экологиялық реттеу жұмысының маңызды бөлігі – кәсіпорындардың қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау және белгіленген талаптардың орындалуын бақылау.

– «Экологиялық қауіпсіздік мәселесінде алдын алу шараларының маңызы зор. Кәсіпорынның қоршаған ортаға әсері жобалау және рұқсат беру

кезеңінен бастап бағалануы қажет. Біздің міндеті-міз — экологиялық талаптардың сақталуын қам-тамасыз етіп қана қоймай, қоршаған ортаға түсетін жүктемені төмендетуге бағытталған жүйелі жұмысты жолға қою», – деді Ермахан Қозыбаев.

Экологиялық бақылаудың нақты нәтижесін қамтамасыз етуде зертханалық-талдамалық жұ-мыстардың орны ерекше. 2026 жылдың тоғыз айында департаменттің зертханалық-талдамалық бақылау бөлімі 114 объектіні тексерді. Оның 85-і объектіге бару арқылы жүргізілген жоспардан тыс тексерулер мен азаматтардың шағымдары негізіндегі жоспардан тыс мониторингтер болса, 29-ы жоспарлы мониторингке тиесілі. Осы жұмыстар барысында 148 хаттама жасалып, 723 сынама алынды. Зертханада қоршаған орта компоненттеріне қатысты 4 560 анык-тау жүргізілді.

Департамент басшысының айтуынша, зерт-ханалық бақылау тек өндірістік нысандармен шектелмейді. Қала аумағындағы автокөліктерден тарайтын шығарындыларға да бақылау жүргізілуде. 2026 жылғы ақпан және маусым айларында Экология және табиғи ресурстар министрі мен Шымкент қаласының әкімі бекіткен «Шымкент қаласының экологиялық мәселелерін кешенді шешу бойынша жол картасы» аясында Полиция департаментімен бірлесіп көлік шығарындыларын бақылау бойынша рейттік іс-шаралар ұйымдастырылған.

Нәтижесінде 43 автокөлік тексеріліп, оның 10-ынан атмосфераға шығарылатын зиянды заттар мөлшерінің белгіленген нормадан жоғары екені анықталды. Осыған байланысты патрульдік по-лиция қызметкерлері ӘҚБтК-нің 334-бабына сәй-кес 6 әкімшілік хаттама толтырды. Шымкенттің экологиялық ахуалы сөз болғанда, қала аумағындағы су ресурстарының жай-күйі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Департаменттің Сынақ зертханасы бекітілген мониторинг жоспарына сәйкес Қошқар ата, Қарасу, Бадам, Сайрамсу өзендеріне, сондай-ақ Қосдирмен, Тоғыс, Текесу, Шымкент және БМК каналдарына мониторингтік зерттеу жүргізіп келеді.

Зерттеу нәтижелері Қошқар ата, Қарасу және Бадам өзендерінен бастапқы және соңғы нүк-телеріндегі су құрамын салыстырғанда, бірқатар ластанушы заттың концентрациясы соңғы нүк-телерде артатынын көрсеткен. Мамандардың бағалауынша, бұған қаланың суару жүйелерінен түсетін төгінділермен қатар, өзен арналарының халық тығыз орналасқан аумақтар арқылы өтуі де әсер етеді.

Мамандар әсіресе Қошқар ата өзенінің жағдайы алаңдатынын айтады. Өзен жағалауында орналасқан кейбір тұрғын үйлердің кәріз жүйесіне қосылмауы су сапасына кері әсер ететін факторлардың бірі ретінде қарастырылып отыр.



**Департаменттің зертханалық-талдамалық бақылау бөлімі 114 объектіні тексерді. Оның 85-і объектіге бару арқылы жүргізілген жоспардан тыс тексерулер мен азаматтардың шағымдары негізіндегі жоспардан тыс мониторингтер болса, 29-ы жоспарлы мониторингке тиесілі.**

– Су ресурстарының сапасы экологиялық қана емес, әлеуметтік мәселе. Сондықтан өзендердің жағдайын бақылау зертханалық өлшемдермен ғана шектелмеуі керек. Ластану көздерін анықтап, оның алдын алу және жауапты органдармен бірлесіп нақты шешімдер қабылдау маңызды, – дейді Ермахан Тастанбекұлы.

Қаланың санитарлық және экологиялық жағ-дайына тікелей әсер ететін мәселелердің бірі – рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыс үйінділері. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ жүргізген 2026 жылғы 8 маусымдағы ғарыштық түсірілім нәтижесінде Шым-кент аумағында заңсыз қоқыс үйінділерінің 30 орны анықталған.

Бұл бағыттағы жұмыстың динамикасына қарасақ, 2025 жылғы 8-14 шілдедегі ғарыштық түсірілім кезінде қалада 46 заңсыз қоқыс орны анықталған.

Яғни кейінгі мониторингте мұндай орындардың саны азайғанымен, мәселе әлі де өзекті болып отыр. Бұған дейін Департамент мамандары прокуратура органдарымен бірлесіп Абай, Әл-Фараби, Қаратау және Еңбекші аудандарында заңсыз қоқыс орын-дарын анықтау бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде, 35 заңсыз қоқыс орны анықталған.

Қабылданған шаралар аясында аудан әкімдік-терінің лауазымды тұлғаларына ҚР ӘҚБтК-нің 324-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік айыппұлдар салынған. Абай, Қаратау және Еңбекші аудандары бойынша салынған үш айыппұлдың жалпы сомасы 88 470 теңгені құраса, Әл-Фараби ауданы әкімдігінің лауазымды тұлғасына 29 490 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Шымкент тұрғындарын алаңдатып отырған тағы бір мәселе – кейбір индустриялық аумақтарға жақын орналасқан аудандарда сезілетін жағымсыз иістер.

Азаматтардың, әсіресе түнгі уақытта, жағымсыз иістерге қатысты шағымдары түсуде. Осыған байланысты департамент «Ордабасы», «Онүстік» индустриялық аймақтары мен «ПКОП» ЖШС аумағына іргелес жерлерде атмосфералық ауаның жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізіп келеді. Шағымдардың басым бөлігі түнгі уақытта түсетінін ескере отырып, мамандардың рейттік шығулары да түнгі уақытта ұйымдастырылады. Мәселені жүйелі зерделеу үшін арнайы жұмыс тобы құрылып, оның құрамына жауапты мамандар енгізілген. Әрбір өтініш бойынша жағымсыз иістің орны, уақыты және жағдайы ескеріліп, тиісті талдау жүргізіледі.

Шымкенттің қарқынды өсіп келе жатқан мега-полис ретінде өндірістік және көліктік жүктемесі артып отырғаны белгілі. Сондықтан қаланың экономикалық дамуы мен экологиялық қауіпсіздік талаптарының арасындағы тепе-теңдікті сақтау алдағы кезеңдегі маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

